


# INSTRUCTION MANUAL

## Pain Reliever

### PocketTens (HV-F013-E)

- Ауруды басатын құрал. Пайдалану нұсқаулығы.



## МАЗМҰНЫ

<b>Жабдықты пайдаланбас бұрын</b> .....	<b>2</b>	3-қадам – Қарқындылық деңгейін таңдау (1 төмен – 10 жоғары).....	21
Кіріспе .....	2	Ауруды басқару және азайту жолы .....	22
Маңызды қауіпсіздік шаралары мен ескертулері.....	3	Емдеуді қашан бастау керек? .....	22
Құрал туралы білу.....	10	Ауруды ерте анықтау .....	22
Қаптама құрамы .....	10	Оны қаншалықты ұзақ пайдалану керек? .....	22
Қосымша медициналық керек-жарақтар .....	10	Құралды пайдалануды қашан тоқтату керек? .....	22
Мүмкіндіктер .....	11	Аурудың қандай түрі белгілі? .....	22
Түймелер мен олардың функциялары .....	11	<b>Тазалау және сақтау</b> .....	<b>23</b>
<b>Пайдалану жөніндегі нұсқаулар</b> .....	<b>12</b>	Тазалау және сақтау.....	23
Құрастыру қадамдары.....	12	Жастықшаларды тазалау.....	23
1-қадам – батареяларды салу .....	12	Жастықшаларды қашан ауыстыру керек? .....	23
2-қадам – Электрод сымды негізгі жабдыққа тіркеу... ..	12	Жабдықты тазалау .....	24
3-қадам – Кез келген электрод сымын жастықшалардың әрбіреуіне тіркеу.....	13	Жастықшаларды сақтау .....	24
4-қадам – Жастықшалардан пластик лентаны алып, қоқысқа тастау .....	13	Құрал мен жастықшаларды сақтау.....	24
Емдеуді бастаған кезде .....	14	<b>Ақаулықтарды жою</b> .....	<b>25</b>
1-қадам – Жастықша орны.....	14	<b>Кепілдік</b> .....	<b>28</b>
2-қадам – 5 режимнің 1-уін таңдау .....	19	<b>Техникалық сипаттамалары</b> .....	<b>29</b>
		<b>Электромагниттік үйлесімділікке (ЭМУ) қатысты маңызды ақпарат</b> .....	<b>31</b>

Omron PocketTens құрылғысын сатып алғаныңызға рақмет. Құралды қауіпсіз қолдану үшін құралды алғаш рет қолданбас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты ыңғайлы орынға сақтаңыз немесе болашақ анықтама үшін сақтап қойыңыз. Бұл қорапта келесі компоненттер бар:

- 1 Негізгі жабдық
- 1 электрод сымы
- 2 ұзақ уақыт қызмет көрсететін жастықшалар
- 1 жастықша ұстағышы
- 2 «AAA» батареясы (LR03)
- 1 пайдалану нұсқаулығы

### Қолдану мақсаты

#### Медициналық мақсаты

OMRON PocketTens — ауыратын жердің қасындағы терінің бетіне электрлік жүйке стимуляциясын қолдану арқылы бұлшықеттегі және буындағы ауруларды, арқадағы, қолдағы, сирақтағы, иықтағы және аяқтағы тартылып қалуды және ұйып қалуды азайтуға және жеңілдетуге арналған ауруды басатын құрал. Оны ересек адамдардың қалыпты, сау, құрғақ және таза терісіне қолдану керек.

Режимдердің кез келгенін осы нұсқаулықта сипатталған дене бөліктеріне немесе ауруларға қауіпсіз қолдануға болады. Тек сізге жағатын және ауруға қолайлы режимді табыңыз. Оны кез келген басқа ауруды басатын емдеу тәсілімен немесе дәрі-дәрмекпен бірге оңай пайдалануға болады. 1970 жылдан бастап TENS жүйесіне негізделген ауруды басатын құрал физиотерапевт пен анальгезиолог сияқты көптеген денсаулық сақтау мамандарымен кеңінен қолданылады.

#### Мақсатты пайдаланушы

Бұл құралды осы нұсқаулықты түсінетін ересектер пайдалануы керек. Бұл құрылғы тұрмыстық қолданысқа арналған.

#### Ол қалай жұмыс істейді?

OMRON PocketTens үш есе TENS (транскутантты электрлік жүйке стимуляциясы) технологиясы қолданады:

- ауру хабарын блоктайды
- эндорфиндердің (табиғи ауруды сездірмейтін заттар) бөлінуін күшейтеді
- қан айналымын жақсартады (қайталанатын бұлшықеттің жиырылуы және босаңсуы нәтижесінде)

## МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІ



Осы пайдалану нұсқаулығында қамтылған барлық ескертулер мен сақтық шараларын оқып шығу маңызды, себебі олар сізді қауіпсіз етіп сақтауға, жарақаттың алдын алуға және нәтижесінде құралды зақымдауы мүмкін жағдайдың алдын алуға арналған.

### ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАУІПСІЗДІК БЕЛГІЛЕРІ

<b>ҚАУІП</b>	Дұрыс қолданбау нәтижесінде өлімге немесе күрделі жарақатқа әкелуі мүмкін. Бұл құралды қолдануға болмайтын жағдайлар.
<b>ЕСКЕРТУ</b>	Жойылмаса, өлімге немесе күрделі жарақатқа әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды көрсетеді.
<b>АБАЙЛАҢЫЗ</b>	Жойылмаса, пайдаланушыны немесе науқасты аздап немесе орташа жарақаттауы немесе жабдыққа немесе басқа мүлікке зақым келтіруі мүмкін ықтимал қауіпті жағдайды көрсетеді.

### **ҚАУІП**

Бұл құралды мына басқа құралдармен қолданбаңыз:

- (1) Сізде **кардиостимулятор**, денеге салынған дефибриллятор немесе басқа **денеге салынған метал** немесе электрондық құрылғы болса. Мұндай жағдайда қолдансаңыз, ол электр тогының соғуына, күйіп қалуға, электрлік кедергіге немесе өлімге әкелуі мүмкін.
- (2) **Басқа TENS құралын қолданған кезде** бұл құралды пайдаланбаңыз.
- (3) Жасанды жүрек не өкпе немесе респиратор сияқты **өмірге қолдау көрсететін медициналық электрондық құрылғымен** бірге қолданбаңыз.
- (4) Ауруханалар мен клиникалар үшін, электрлік стимуляция құралы қолданыста болған кезде **денеге тіркелген немесе бар электрондық бақылау жабдығы** (мыс., жүрек мониторлары, ЭКГ дабылдары) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- (5) Ауруханалар мен клиникалар үшін, науқасты бір уақытта **жоғары жиіліктегі хирургиялық МЭ жабдыққа** қосу нәтижесінде стимулятор электродтарының жанып кетуі немесе стимулятордың зақымдалуы мүмкін.
- (6) Ауруханалар мен клиникалар үшін, **жақын қашықтықта** (мыс., 1 м) **қысқа толқынды немесе микро толқынды МЭ жабдықпен** емдеу стимулятордың тұрақсыздығына әкелуі мүмкін.

## МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІ

### БҰЛ ЖАБДЫҚТЫ КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

#### ⚠ Құралды қолданбас бұрын дәрігермен кеңесіңіз.

Жабдықтың кейбір тәуелді тұлғаларда өлімге әкелетін жүрек ритмінің бұзылуына әкелуі мүмкін. Жақын арада операция жасалған болса, әсері жараның жазылуына кедергі келтіруі мүмкін.

### МЫНА ТҰЛҒАЛАРҒА ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

#### ⚠ Жүкті әйел.

⚠ Бұл құрал педиатриялық мақсатта қолдану үшін бағаланбағандықтан, бұл құралды **балаларға немесе сәбилерге** қолданбаңыз.

⚠ **Жас балалардың** қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, себебі электродты сыммен қылғынып қалуы мүмкін.

⚠ **Өз ойларын немесе ниеттерін айта алмайтын тұлғалар.**

⚠ **Құралды өздері пайдалана алмайтын тұлғалар.**

⚠ Жарақат немесе сүйектің сынуы сияқты іште қан кетуге бейімділік болса, абайлап қолданыңыз.

⚠ **Жүрек ауруы күдігі болса немесе диагнозы қойылған болса**, дәрігер ұсынған сақтық шараларын орындау керек.




⚠ **Қояншық күдігі болса немесе диагнозы қойылған болса**, дәрігер ұсынған сақтық шараларын орындау керек.

⚠ **Етек кір келіп тұрған жатырға** қолданылатын болса, абай болыңыз.

⚠ Егер физикалық, сезгіштік немесе ақыл-ой мүмкіндіктері әртүрлі не төмендеген не болмаса тәжірибесі немесе білімі жеткілікті емес пайдаланушыларды (балаларды қоса) олардың қауіпсіздігіне жауапты тұлғаның бақылауында болмаса немесе құрылғыны пайдалану туралы үйретпесе, онда бұл құрылғы оларға пайдалануға арналмаған. Балалар жабдықты ойыншық ретінде пайдаланбауларын қадағалау керек.

## МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІ

### ▲ ЖАСТЫҚШАЛАРДЫ ЕШҚАШАН ДЕНЕ БӨЛІКТЕРІНЕ ҚОЛДАНБАҢЫЗ:

	<b>Бас, ауыз немесе беттің басқа жері.</b>
	<b>Мойын немесе тамақтың кез келген аймағы, себебі ол ауа жолына жақын жерде күрделі бұлшықет спазмасын, тыныс алу қиындығын немесе жүрек ритміне немесе қан қысымына кері әсер етуі мүмкін.</b>
	<b>Жүректің қасында немесе жыныс жолдарында қолданбаңыз.</b>

	Бір уақытта <b>кеуденің</b> екі бірдей жағына (бүйірі немесе алдыңғы және артқы) немесе <b>төсіңізге қоймаңыз</b> , себебі электр тогын енгізу өлімге ұласуы ықтимал жүрек ритмінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
	Бір уақытта <b>екі сирақтың балтырларына</b> , себебі бұл жүрек қызметінің бұзылуына әкелуі мүмкін.
	Бір уақытта <b>екі аяқтың табанына</b> , себебі бұл жүрек қызметінің бұзылуына әкелуі мүмкін.

**Ашық жаралар не бөртпелер немесе қатты ісінген, қызарған, инфекция түскен немесе қабынған жерлерге немесе тері бөртпелеріне (мыс., қантамыр варикозы, флебит, тромбофлебит және тромбоз) немесе қатерлі ісік жараларының үстіне не оған жақын немесе қалыпты сезімталдық жетіспейтін аймақтардың үстіне.**

### **БҰЛ ЖАБДЫҚТЫ КЕЛЕСІ ӘРЕКЕТТЕРДІ ОРЫНДАП ЖАТҚАНДА ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ**

- ▲ Ванна немесе душ қабылдап жатқанда;
- ▲ Ұйықтап жатқанда;
- ▲ Көлік жүргізу, құрылғыны басқару кезінде немесе электрлік стимуляция сізге қауіп төндіруі мүмкін кез келген әрекетті орындап жатқанда.


## МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІ

### АУРУДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУЛЕР

- ⚠️ Ауруыңыз үшін медициналық немесе физикалық ем қабылдаған болсаңыз, құрылғыны қолданбас бұрын **дәрігермен кеңесіңіз**.
- ⚠️ Ауруыңыз жазылмаса, созылмалы немесе күрделі болып бастаса немесе **бес күннен асатын** болса, құрылғыны пайдалануды тоқтатып, **дәрігермен кеңесіңіз**.
- ⚠️ Ауру функцияларының шектеулі болуы бір нәрсенің дұрыс еместігін ескертетін өте маңызды ескерту болып табылады. Дегенмен, сіз күрделі аурумен ауырып жүрген болсаңыз, сіз үшін осы Electronic Nerve Stimulator жабдығын қолдануға болатынын растау үшін **дәрігермен кеңесіңіз**.
- ⚠️ Егер жұқпалы немесе күрделі аурумен ауырып жүрсеңіз, бұл жабдықты пайдалану алдында **дәрігермен кеңесіңіз**.

### ЖАБДЫҚТЫ ӨЗГЕРТПЕҢІЗ


- ⚠️ Сымды OMRON PocketTens емес кез келген басқа құралға жалғамаңыз.
- ⚠️ Бұл жабдықты **өзгертуге рұқсат жоқ**.
- ⚠️ Жабдықты зақымдап алмас үшін **бұл жабдықпен тек өндіруші ұсынатын электрод сымын және жастықшаларды пайдаланыңыз**.



KZ

### ЖАСТЫҚШАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕРІ

- ⚠️ Жастықшаларды қалыпты, сау, құрғақ, таза теріге (ересек адамның) қолданыңыз, әйтпесе оның жараның жазылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- ⚠️ Сеанстан кейін **терінің тітіркенуі немесе қызарып-бөртуі байқалса**, терінің ол бөлігіне стимуляция жасауды жалғастырмаңыз.



## МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІ

### ЖАСТЫҚШАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- ⚠ Құрал іске қосылып тұрғанда жастықшаларды басқа орынға жылжытпаңыз.
- ⚠ Емдеу тек бір жастықшамен жұмыс істемейді. **Бір уақытта ЕКІ ЖАСТЫҚШАНЫ ПАЙДАЛАНУ КЕРЕК.**
- ⚠ Компоненттер жақсы жалғанғанын және жастықшалардың емделетін дене бөлігінде реттелгенін тексеріңіз, әйтпесе емдеу тиімді болмайды.
- ⚠ **Жастықша белдік тоғасы**, алқа немесе киім астынан киілетін басқа метал заттарға тимеу керек.
- ⚠ **Жастықшаларды қабаттастырмаңыз** немесе оларды үсті-үстіне қоймаңыз. Ол емдеу әсерін баяулатуы немесе тоқтатуы мүмкін немесе құрал жұмыс істеуді тоқтатуы мүмкін. **Гельді жастықшалардың бір-біріне жабысып қалуы** және бөліп алған кезде гельдің алынып қалуы мүмкін.
- ⚠ **Жастықшаларды су қолмен қолданбаңыз.**
- ⚠ **Емдеп болған соң, жастықшаларды денеге тіркеулі қалдырмаңыз.**

- ⚠ **Жастықшаларды басқа адаммен бөліп қолданбаңыз.** Бұл терінің тітіркенуіне немесе инфекция жұқтыруға әкелуі мүмкін. Жастықшалар тек бір адам қолдануға арналған.
- ⚠ **Жастықшаларды жарамдылық мерзімінен кейін пайдаланбаңыз.**
- ⚠ Гельдің зақымдалуы мүмкін болғандықтан және оның жабыспауы не дұрыс қызмет көрсетпеуі мүмкін болғандықтан, оларды **бүкпеңіз немесе бүктемеңіз.**
- ⚠ Жастықшаларды тек денеге немесе жастықшалардың жабысқақ бетіне зақым келтірмеу үшін **берілетін пластикалық жастықшаны ұстағышқа қойыңыз.**
- ⚠ **Өрқашан таза жастықшаларды берілген суретке байланысты қойыңыз** (14-18 беттерін қараңыз, жастықшаны ауыстыру).
- ⚠ **Жастықшаларға немесе теріңізге май немесе ешқандай еріткіш қолданбаңыз**, себебі оның жастықшалардың дұрыс жұмыс істеуіне кедергі келтіруі мүмкін. Өзі жабысатын жастықшалар теріге жабысады.

⚠ Оңтайлы нәтижелер алу үшін, жастықшаларды кемінде 2,5 см қашықтыққа қойыңыз.

# МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІ

## ҚҰРАЛДЫ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ

### НЕГІЗГІ ЖАБДЫҚ

- ⚠ Осы құрылғыға қатысты туындаған кез келген ауыр оқиға туралы өндірушіге және сіз тұратын мүше мемлекеттің құзыретті органына хабарлаңыз.
- ⚠ **Құрал дұрыс жұмыс істемейтін болса** немесе ыңғайсыздықты сезіп тұрсаңыз, дереу құралды пайдалануды тоқтатыңыз.
- ⚠ **Арнайы жасалған мақсатынан** басқа мақсатта қолданбаңыз.
- ⚠ **Жуынатын бөлме** сияқты жоғары ылғал бөлмеге қоймаңыз. Бұл құралды зақымдайды. 10–40°C температура мен 30–80% салыстырмалы ылғалдылық қолайлы орта.
- ⚠ Құралды жарық жақсы түспейтін орында қолданбаңыз. Құралды сәтті пайдалана алмауыңыз мүмкін.
- ⚠ Осы құрылғыны пайдалану кезінде ұялы телефон немесе электромагниттік өрістер шығаратын кез келген басқа электр құрылғылары 30 см қашықтықта екендігін тексеріңіз. Бұл құрылғының өнімділігін төмендетуі мүмкін.

### СЫМ

- ⚠ Электрод сымын жумаңыз.
- ⚠ **Электрод ашасын құралдың ұясынан басқа жерге тықпаңыз.**
- ⚠ **Емдеу кезінде электрод сымын тартпаңыз.**
- ⚠ **Сымның ұшын бүкпеңіз немесе ұшынан тартпаңыз.**
- ⚠ Құралдан сымын тартқан кезде, ашасын ұстап, тартыңыз.
- ⚠ **Бүлінген не зақымдалған болса, сымын ауыстырыңыз.**

### БАТАРЕЯ

- ⚠ **Батареяларды өртке тастамаңыз.** Батареялардың жарылуы мүмкін.
- ⚠ **Құралды, батареяларды және құрамдас бөліктерін қолданыстағы мемлекеттік ережелеріне сай тастаңыз.** Заңсыз тастау қоршаған ортаны ластауы мүмкін.
- ⚠ **Сілтілі және марганец батареяларын араластырмаңыз,** себебі бұл батареяның қызмет көрсету мерзімін қысқартады.
- ⚠ Емдеу кезінде батарея қақпағын алмаңыз және батарея контактілеріне тимеңіз.
- ⚠ Қайта зарядталатын батареяларды пайдалануға болмайды.

## МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ МЕН ЕСКЕРТУЛЕРІ

### ЖАСТЫҚШАЛАР

- ⚠ **Электрлік стимуляцияның қауіпсіздігі мен тиімділігіне әсерді болдырмау үшін OMRON компаниясы ұсынған жастықшаларды ғана пайдаланыңыз.**
- ⚠ **Жастықшаларды дұрыс емес қолдану ыңғайсыздыққа немесе терінің күйіп қалуына әкелуі мүмкін.**
- ⚠ Батареяларды ауыстырмас бұрын жастықшаларын алып тастаңыз.

### Жалпы сақтық шаралары

- ⚠ Электрлік стимуляцияның ұзақ мерзімдік әсерлері туралы белгісіз.
- ⚠ Стимуляцияны қалыпты, зақымдалмаған, таза, құрғақ әрі сау теріге қолданыңыз.
- ⚠ TENS бас ауруы сияқты бастапқы ауру көзін немесе себебін емдей алмайды.
- ⚠ TENS ауруды басатын дәрілер мен басқа ауруды жоятын емдеу әдістерін алмастырушы емес.
- ⚠ TENS құрылғылары ауруды немесе жарақатты емдемейді.

- ⚠ TENS қорғаныс механизмі ретінде жұмыс істейтін ауру сезімін басу сияқты симптомдық емдеу болып табылады.
- ⚠ Тиімділігі ауруды жоюға қатысты біліктілігі бар дәрігердің нұсқаулығы бойынша емделуші таңдауына байланысты.
- ⚠ **Электрлік стимуляцияға немесе электр өткізгіш ортаға (гель) байланысты терінің тітіркенуі немесе қатты сезімталдық туындауы мүмкін.**
- ⚠ **Құралды жас балалардан әрі ұстаңыз.** Құралда жұтып қоюы мүмкін кішкентай бөліктер бар. Дереву дәрігерге хабарласыңыз.

### Ықтимал кері әсерлері


- ⚠ **Құралдың кері әсерлері байқалса, құралды қолдануды тоқтатып, дәрігерге хабарласуыңыз керек.**
- ⚠ **Теріге қолданылған стимуляция электродтарының астында терінің тітіркенуі және күйіп қалулар туындауы мүмкін.**
- ⚠ **Ұзақ уақыт бойына емдеуді бір жерге қолданбаңыз (сеансына 30 минуттан күніне 3 рет), әйтпесе сол жердегі бұлшықетіңіз ауырып қалуы және сырқырап ауруы мүмкін.**

# ҚҰРАЛ ТУРАЛЫ БІЛУ


## ҚАПТАМА ҚҰРАМЫ

Негізгі жабдық

Алды




Арты



Электрод сымы



Ұзақ уақыт қызмет көрсететін жастықшалар




Жастықша ұстағышы (1 стандарт)




Батареялар\* (2 «AAA» батареялары (LR03))

\* Бірге берілген батареялар тек сынақ пайдалануға арналған, сондықтан олардың жарамдылық мерзімі қысқарақ болуы мүмкін.



Пайдалану нұсқаулығы



KZ

## ҚОСЫМША МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕРЕК-ЖАРАҚТАР


Өнім сипаттамасы	Үлгісі
Ұзақ уақыт қызмет көрсететін жастықшалар	HV-LLPAD-E

## ҚҰРАЛ ТУРАЛЫ БІЛУ

### МҮМКІНДІКТЕР

1. **Бес алдын ала орнатылған режим** (қол/иық, арқаның төменгі жағы, сирақ/аяқ, мыжу, тұрақты).
2. **Он қарқындылық деңгейі** (1 төмен және 10 жоғары).
3. **Жастықшалар жұбы** (ұзақ пайдаланылатын, қайта пайдаланылатын, жууға болатын, 150 пайдалануға дейін).  
Бұл жабдықпен тек OMRON компаниясы ұсынған жастықшаларды немесе сымды пайдаланыңыз.
4. Автоматты түрде **15 минутта өшіріледі**.
5. **Жарықтар** режим, қарқындылық деңгейі арқылы емдеуді анық басқаруға мүмкіндік береді.
6. **Батарея жарығы** батареяларды ауыстыру қажеттігін еске салу үшін жанады.
7. **Жастықша жарығы** жастықша(лар) құлағанда жыпылықтайды.

### ТҮЙМЕЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ



## ҚҰРАСТЫРУ ҚАДАМДАРЫ

Жабдықты пайдалану алдында келесі заттарды тексеріңіз.

1. Сым бүлінбеген.
2. Жастықша гелі зақымдалмаған.
3. Электрод сымының қосылымы бүлінбеген.
4. Жабдық зақымдалмаған және жұмыс істеп тұр.
5. Батарея жылыстамайды.

### 1-ҚАДАМ – БАТАРЕЯЛАРДЫ САЛУ

1 Қатты затпен (мысалы, қаламның ұшы, жіңішке бұрағыш) батарея қақпағын алып тастаңыз.




Батарея ұясының қақпағы

2 Батареяларды салыңыз, содан соң батарея қақпағын орнатыңыз. (Батареяларды салған кезде ⊕ ⊖ белгілерінің сәйкес келетінін тексеріңіз).



### 2-ҚАДАМ – ЭЛЕКТРОД СИМДЫ НЕГІЗГІ ЖАБДЫҚҚА ТІРКЕУ

Электрод сымының ашасын негізгі құралдың төменгі жағына жалғаңыз.




KZ

## ҚҰРАСТЫРУ ҚАДАМДАРЫ

### 3-ҚАДАМ – КЕЗ КЕЛГЕН ЭЛЕКТРОД СЫМЫН ЖАСТЫҚШАЛАРДЫҢ ӘРБИРЕУІНЕ ТІРКЕУ

Алғаш рет жастықшалардан жабысқан орамасын алыңыз.

- ⚠ Жастықшалары теріде болмайынша жабдықты қоспаңыз.
- ⚠ ЕКІ ЖАСТЫҚШАНЫ ДА қолдану керек, әйтпесе стимуляция жұмыс істемейді.
- ⚠ Теріге немесе жастықшаларға спрей, лосьон немесе крем қолданбаңыз.



### ЕСКЕРТПЕ:

Егер теріде түк немесе май тым көп болса, жастықшалар жабыспайды. Теріні таза ұстаңыз. Тиімді емдеу үшін, аймақты қыруды ұсынамыз.

### 4-ҚАДАМ – ЖАСТЫҚШАЛАРДАН ПЛАСТИК ЛЕНТАНЫ АЛЫП, ҚОҚЫСҚА ТАСТАУ

Алғашқы рет пайдаланғанда, жастықшалардан мөлдір пластик лентаны алып, қоқысқа тастаңыз.



### ЖАСТЫҚШАЛАРДЫ ЖАСТЫҚШАНЫ ҰСТАҒЫШТА САҚТАУ

Пластик лентаны алып, жастықшалардың жабысқақ жағын жастықша ұстағыштың басқа жағына салыңыз.



## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ


(СЕАНСЫНА ЕҢ КӨБІ 30 МИНУТТАН ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ)

### 1-ҚАДАМ – ЖАСТЫҚША ОРНЫ

Оңтайлы емдеу үшін:

- ⚠ **Жастықшаларды** тікелей аурудың үстіне емес, аурудың кез келген жағына қойыңыз.
- ⚠ Жастықшаларды кемінде 2,5 см қашықтықта **қойыңыз**.
- ⚠ **ЕКІ ЖАСТЫҚШАМЕН** бірдей емдеу керек.
- ⚠ **Жастықшаларды қабаттастырмаңыз** немесе оларды үсті-үстіне қоймаңыз.
- ⚠ **Жастықшаларды ортақ пайдаланбаңыз**.

Емдеуді бастамас бұрын, ауруды 1 төменгі деңгейден 10 жоғарғы деңгейге дейін бағалаңыз. Бұл интеллектуалды тексеру сеанс аяқталған соң, салыстыруға болатын негізді береді.




### ҚОЛ

Екі жастықшаны да ауыратын аймақтың кез келген жағына қойыңыз.

## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ

### 1-ҚАДАМ – ЖАСТЫҚША ОРНЫ (жалғасы)




#### ИЫҚ

Екі жастықшаны да ауруға байланысты иыққа қойыңыз.



⚠ Жүректің қасына, кеуденің екі жағына немесе төсіңізге қоймаңыз, себебі электр тогын енгізу өлімге ұласуы ықтимал жүрек ритмінің бұзылуына әкелуі мүмкін.








#### ИЫҚ

Бір жастықшаны иықтың алдына және артына қойыңыз.

## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ

### 1-ҚАДАМ – ЖАСТЫҚША ОРНЫ (жалғасы)



#### АРҚАНЫҢ ТӨМЕНГІ ЖАҒЫ

Екі жастықшаны да ауруға байланысты арқаның төменгі жағына тіркеңіз.


Оңтайлы емдеу үшін жастықшаларды омыртқаға емес, арқаның бұлшықетіне қойыңыз.

#### АРҚАНЫҢ ТӨМЕНГІ ЖАҒЫ

Екеуін де бір жағына, бір жастықшаны аурудың төменгі, ал енді біреуін жоғарғы жағына қойыңыз.


## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ

### 1-ҚАДАМ – ЖАСТЫҚША ОРНЫ (жалғасы)



#### **АЯҚ (ЖАМБАС ПЕН САН)**


Екі жастықшаны да ауыратын жердің кез келген жағына қойыңыз.



#### **АЯҚ (БАЛТЫР)**

Екі жастықшаны да ауыратын аймақтың балтырға қойыңыз.

⚠ Жастықшаларды екі сирақтың балтырына бір уақытта қоюға болмайды.




#### **ТАБАН (ТАБАН)**

Жастықшаларды тобықтың/аяқтың сыртқы жағына, арудың сол жағына қойыңыз. Жастықшаларды тобықтың/аяқтың ішкі жағына, арудың оң жағына қойыңыз.

⚠ Жастықшаларды бір уақытта екі аяқтың төменгі жағына қоюға болмайды.


## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ

### 1-ҚАДАМ – ЖАСТЫҚША ОРНЫ (жалғасы)




#### **БУЫН (ШЫНТАҚ)**

Екі жастықшаны да ауыратын буынның кез келген жағына қойыңыз.



#### **БУЫН (ТІЗЕ)**

Екі жастықшаны да тізенің жоғарғы жағына немесе ауырып тұрған буынның жоғарғы және төменгі жағына қойыңыз.



## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ

### 2-ҚАДАМ – 5 РЕЖИМНІҢ 1-УІН ТАҢДАУ


- ① Қуат түймесін басыңыз.
- ② 5 режимнің 1-уін таңдау үшін ▲ (Жоғары) немесе ▼ (Төмен) түймесін басыңыз. **Режимдерді біріктіруге болмайды.**
- ③ Режимді таңдау үшін Орнату/Бастау түймесін басыңыз. Ол емдеуді 1-қарқындылық деңгейінде бастайды.

#### Емдеу режимін таңдау:

1. Қол/Иық
2. Арқаның төменгі жағы
3. Сирақ/Аяқ

#### Не болмаса хабар режимін тандаңыз:

4. Мыжу
5. Тұрақты



Емдеу барысында режимдерді өзгерту әдісі қандай? Егер емдеу барысында режимдерді өзгерту қажет болса, жаңа режимді таңдау үшін Орнату/Бастау түймесін және ▲ (Жоғары) немесе ▼ (Төмен) түймесін басыңыз. Бір уақытта тек БІР РЕЖИМДІ пайдалануға болады.

Егер режимді таңдау үшін Орнату/Бастау түймесін баспасаңыз, жабдық 3 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

#### **Дұрыс режимді таңдау әдісі қандай?**

Режимдердің кез келгенін осы нұсқаулықта сипатталған дене бөліктеріне немесе ауруларға қолдануға болады. Белгілі ауру үшін дұрыс сезілетін режимді таңдаңыз.

## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ

### 2-ҚАДАМ – 5 РЕЖИМНІҢ 1-ІН ТАҢДАУ (жалғасы)

Арналған емдеу әдістері	Қол/Иық	Арқаның төменгі жағы	Сирақ/Аяқ	Мыжу	Тұрақты
Режим жарығы және негізгі жабдықтың арты	<ul style="list-style-type: none"> <li>● 1</li> <li>○ 2</li> <li>○ 3</li> <li>○ 4</li> <li>○ 5</li> </ul> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ 1</li> <li>● 2</li> <li>○ 3</li> <li>○ 4</li> <li>○ 5</li> </ul> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ 1</li> <li>○ 2</li> <li>● 3</li> <li>○ 4</li> <li>○ 5</li> </ul> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ 1</li> <li>○ 2</li> <li>○ 3</li> <li>● 4</li> <li>○ 5</li> </ul> 	<ul style="list-style-type: none"> <li>○ 1</li> <li>○ 2</li> <li>○ 3</li> <li>○ 4</li> <li>● 5</li> </ul> 
Ықтимал жағдайлар	Қатаю, ауыру немесе әлсіздену, тарту сезімі.	Қатаю, ауыру, бұлшықет спазмасы немесе жүйке ауруы.	Ісіну, шаршау, тоңу, ауыру немесе әлсіздену.	Ісіну, ауру, тарту сезімі.	Ісіну, ауру, тарту сезімі немесе әлсіздену.
Емдеу не береді?	Төменгі немесе жоғарғы деңгейде аздап соғу, соғып тұру, мыжу және массаж жасау сезімдерін береді.	Жоғарғы немесе төменгі деңгейде шымшылау сезімінен соң, аздап соғу сезіледі. Жоғарғы қарқындылықта мыжу немесе массаж жасау сезімдерін береді.	Төменгі деңгейде аздап соғу, соғып тұру сезімдерінің қатары.	Орташа деңгейде соғып тұру сезімдерінен массажға ұқсас сезімдерге жалғасады.	Өзгертпейтін жиі соғып тұру сезімдерінің қатары.

KZ

## ЕМДЕУДІ БАСТАҒАН КЕЗДЕ

### 3-ҚАДАМ – ҚАРҚЫНДЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН ТАҢДАУ (1 ТӨМЕН – 10 ЖОҒАРЫ)

Жабдық 1-қарқындылық деңгейінде автоматты түрде іске қосылады. ▲ (Жоғары) түймесін басу арқылы қарқындылық деңгейін баяу арттырады. Аздап соғып тұру сезімін сезуіңіз керек.

#### Менің ауруым үшін дұрыс қарқындылық деңгейін қалай таңдаймын?

▲ (жоғары) немесе ▼ (төмен) түймесін әрбір басқан кезде ол басқа деңгейге жылжиды. Стимуляция сезімталдығы баяу болатын немесе жоғалатын болса, қарқындылықты арттырыңыз. Бірақ сезім мүлдем қолайсыз болатын болса, қарқындылықты ▼ (Төмен) үшін төмен көрсеткіні басыңыз.


- Жоғары қарқындылық үшін ▲ түймесін басыңыз.
- Төмен қарқындылық үшін ▼ түймесін басыңыз.

Егер жастықша жарығы жыпылықтап тұрса, жабдық 30 секундтан кейін автоматты түрде өшеді.  
(📖 25-беттегі «АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ»)

#### Жабдық қандай қарқындылық деңгейде?

Қарқындылықты арттыру/кеміту үшін ▲ (Жоғары)/▼ (Төмен) түймесін басыңыз. Қарқындылық жарығын бір немесе екі рет (төменде көрсетілгендей) басқаннан кейін ол жоғары/төмен жылжиды. Дегенмен, жарық жоғары/төмен жылжымауы мүмкін, бірақ қарқындылық деңгейін әр басқан сайын ол артады/кемиді.

Қарқындылық  
жарығы:



Қарқындылық  
деңгейі:

1 немесе 2 3 немесе 4 5 немесе 6 7 немесе 8 9 немесе 10

#### Емдеу ұзақтығы қандай?

Ол сөндірілмейінше құрал автоматты түрде 15 минут бойына жалғасады. Егер пайдалану барысында емдеуді тоқтату қажет болса, Қуат түймесін басыңыз. Бір орнатуда жалпы күніне 3 реттен 30 минут емдеуді ұсынамыз.

## АУРУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ ЖОЛЫ

### Емдеуді қашан бастау керек?

Ауру басталған бойда пайдаланыңыз. Бір сеансты бастаңыз (құрал автоматты түрде 15 минуттан соң өшеді). Жастықшалары әлі денеде болғанда өшіріп, АУРУДЫ ҚАЙТАДАН БАҒАЛАҢЫЗ (1 төмен және 10 жоғары).

### Ауруды ерте анықтау

Егер ауруыңызды ерте анықтасаңыз, ол аурудың нашарлауын немесе созылмалы болуын болдырмайды. Күнделікті әрекеттеріңізді шектейтіндей жоғары ауру шегіне жеткенше, оны бақылауда ұстаған дұрыс.

### Оны қаншалықты ұзақ пайдалану керек?

Бір 15 минуттық сеанстан бастаңыз. Әрқашан жастықшалары әлі қосылып тұрғанда өшіріңіз. Жақсарғанын тексеру үшін ауруды бағалаңыз (1 төмен және 10 жоғары). Ауру азайған немесе тоқтаған болса, емдеу сеансын тоқтатыңыз. Келесі 15 минуттық емдеу сеансын жалғастыру үшін «Қуат» түймесін басыңыз.

<b>1-сеанс</b> <b>15 минут</b> <b>автоматты өшіру</b>	<b>Ең көп минут/сеанс</b> <b>2×15 минут</b>	<b>Ең көп рет/күн</b> <b>3 рет</b>
-------------------------------------------------------------	------------------------------------------------	---------------------------------------

**⚠** 9-беттегі ескертулерді қараңыз. Ұзақ уақыт бойына емдеу және қатты стимуляция бұлшықеттің шаршауына әкелуі және кері әсер беруі мүмкін.

### Құралды пайдалануды қашан тоқтату керек?

1. **Кері әсерді** байқасаңыз (теріні тітіркендіру/қызару/күйіп қалу, бас ауру немесе басқа ауыратын сезім не қандай да болмасын қалыпсыз жайсыздықты сезінсеңіз).
2. Аурудан **айықпасаңыз**, созылмалы және күрделі бола бастаса немесе ауырғаныңызға **бес күннен асатын болса**.

### Аурудың қандай түрі белгілі?

Бұл емдеу жергілікті қатты ауырғанда жақсы жұмыс істейді. Қатты ауыру — бір аймақта 3 айдан аз уақыт ауыру. Егер созылмалы ауру болса, ауруды бірнеше аймақта 6 айдан ұзақ сезуіңіз мүмкін. Созылмалы ауру осы жабдық емдей алмайтын басқа дерттерді қоздыруы мүмкін.


Бұл жабдық ауруыңызды немесе аурудың бастапқы себебін емдей алмайтынын ескеріңіз. Ол аурудан уақытша арылу немесе азайту сезімін береді, яғни әрекеттеріңіз бен өміріңізді жақсарту аласыз.

## ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Құрал уақыт өте қайталап қолдануға арналған. Жастықшалар 150 рет немесе 5 ай (күніне 1 рет қолдануға есептелген) пайдалануға жетеді. Бұл маңызды тазалау және сақтау нұсқаулары:

### Жастықшаларды тазалау

1. Қуатты өшіріп, жастықшалардан электрод сымын алып тастаңыз.
2. Жабысқақ беті ластанған кезде және/немесе жастықшаларды жабыстыру қиындаған кезде жастықшаларды жуыңыз.
  - Жастықшаларды ағып тұрған салқын су астында бірнеше секундқа саусақтарыңыздың ұштарымен жайлап жуыңыз (жабысқақ бетінде губка/мата/тырнағыңыз сияқты өткір затты қолданбаңыз, еріткіштерді, химиялық заттарды немесе сабынды қолданбаңыз).



3. Жастықшаларды 15 рет, 150 рет қолданудың шамамен 10 ретін қолданған соң жууға болады. Жастықшаларды тым ұзақ немесе тым жиі жумаңыз. Жабысқақ беті жабысып қалатын болса немесе жастықша түсіп қалатын болса, жастықшаны түні бойына тоңазытқышта (мұздатқышта) қалдырмаңыз. Жабысқақтығы қалпына келуі мүмкін.
4. Жастықшаларды кептіріңіз және жабысқақ бетінің толығымен ауамен кебуіне мүмкіндік беріңіз. Жұмсақ қағазбен немесе матамен сүртпеңіз.
5. **Жастықшаларды ауыстыруға және сатып алуға болады. Жергілікті OMRON өкілдерімен кеңесіңіз.** Жастықшалардың қызмет көрсету мерзімі жастықшаларды жуу, теріге салу және жастықшаларды сақтау жолына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

### Жастықшаларды қашан ауыстыру керек?

Жастықшалар бұдан былай теріге жабыспайтын болса немесе жастықша бетінің 25%-ы теріге тимейтін болса.

## ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

### Жабдықты тазалау


1. Құралды өшіріп, жастықшалардан электрод сымын алып тастаңыз.
2. Өлсіз ылғалдандырылған шүберекпен (немесе бейтарап тазалау ерітіндісіне батырылған) тазалап, жайлап сүртіңіз.
  - Химиялық заттарды қолданбаңыз (мысалы, сұйылтқыш, бензол).
  - Ішкі бөліктеріне судың кіруіне мүмкіндік бермеңіз.

### Жастықшаларды сақтау

1. Құралды өшіріңіз және сымды құралдың төменгі жағынан суырып алыңыз.
2. Жастықшаларды денеңізден алыңыз.
3. **Электрод сымын жастықшаларға қосулы қалдырыңыз.**

Жастықша ұстағышындағы әрбір жастықшаның жабысқақ жағы бар әрбір жағына бір жастықшадан жастықша ұстағышына жастықшаларды қойыңыз.

4. **Электрод сымын жастықша ұстағыштың айналасына ораңыз.**




### Құрал мен жастықшаларды сақтау

- Жабдықты, электрод сымы бар жастықшаларды ұстағышқа қойыңыз (пайдалану нұсқаулығы бастапқы қорапта).
- Тікелей күн көзі түсетін, жоғары немесе төменгі температурада, ылғал аймақта, өртке жақын, дірілдейтін немесе ток соғуы мүмкін аймақтарда сақтамаңыз.

Сақтау температурасы (қаптамадан шығарғаннан кейін), 0°C – 40°C, 30% – 80% салыстырмалы ылғалдылық.

- **Балалардың қолы оңай жететін орындарға қоймаңыз.**
- Ұзақ мерзім бойына қолданыста болмаған кезде, батареялардан сұйықтық ағып кетпес үшін, сақтар алдында батареяларын алып тастаңыз.
- Сымға зақым келуі мүмкін болғандықтан электрод сымын құралды айналдырып орамаңыз.




## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Пайдалану барысында төмендегі мәселелер орын алған жағдайда басқа электр құрылғысы 30 см қашықтықта екендігін тексеріңіз. Егер мәселе жойылмаса, төмендегі кестені қараңыз.


Олай болатын болса...	Ықтимал себептері...	Мына шешімді қолданып көріңіз...	Олай болатын болса...	Ықтимал себептері...	Мына шешімді қолданып көріңіз...
<b>Қарқындылығы сезілмейді. Өте әлсіз қарқындылық деңгейі.</b>	Тек 1 жастықшаны қолданып жатырсыз ба?	Теріге басқа жастықшаны қойыңыз. Дұрыс ем алу үшін ЕКІ ЖАСТЫҚШАНЫ ДА пайдалану керек.	<b>Қарқындылығы сезілмейді. Өте әлсіз қарқындылық деңгейі.</b>	Батареялар әлсіз бе?	Екі «AAA» батареясын ауыстырыңыз.
	Жастықшалардан мөлдір пленканы алдыңыз ба?	Жастықшалардың жабысқақ бетінен пленканы алып тастаңыз.		«1» қарқындылық па?	▲ (Жоғары) түймесін басыңыз.
	Жастықшалар бірге жабысып қалған ба немесе жастықшалар қабаттасып қалған ба?	Жастықшалардың орнын тексеріңіз. «Жастықша орны» бөлімін қараңыз.	<b>Тері қызарып кеткен немесе тері бөртіп тұрған сияқты.</b>	Жастықшалардың жабысқақ беті лас немесе құрғақ па?	Жастықшалардың жабысқақ бетін саусақтарыңыздың ұшымен жайлап шамамен 3 секунд бойына баяу ағып тұрған су астында жуыңыз.
	Сым құралға дұрыс жалғанған ба?	Сым ашасын осы құралдың төменгі жағындағы ұяға дұрыс жалғаңыз.		Емдеу уақыты ұзақ па?	15 минуттан аз уақытқа қолданыңыз.
	Қарқындылық параметрі әлсірей бастады ма?	▲ (Жоғары) түймесін басыңыз.		Денеге екі жастықша дұрыс қойылған ба?	«Жастықша орны нұсқаулығы» бөлімін қараңыз және дұрыс тіркеңіз.
	Гель зақымдалған ба?	Жастықшаны ауыстырыңыз.			


## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Олай болатын болса...	Ықтимал себептері...	Мына шешімді қолданып көріңіз...
Тері қызарып кеткен немесе тері бөртіп тұрған сияқты.	Жастықша беті тозған ба?	Бір уақытта екі жастықшаны да ауыстырыңыз.
Қуат көзі жоқ.	Батареяның полярлығы (+ және -) дұрыс емес бағытта салынған ба? Батареялар біткен бе?	Батареялар дұрыс тураланғанын тексеріңіз. Батареяларды ауыстырыңыз.
Пайдаланған кезде қуат өшірілді.	Батареялар әлсіз бе?	Бір уақытта екі батареяны да ауыстырыңыз.
	Сымы бүлінген ба?	Сымды ауыстырыңыз.
Батарея жарығы жанады. 	Батареялар әлсіз бе?	Бір уақытта екі батареяны да ауыстырыңыз.

Олай болатын болса...	Ықтимал себептері...	Мына шешімді қолданып көріңіз...
Жастықша гелі теріге жабыспайды.	Жастықшалардан мөлдір пленканы алдыңыз ба?	Жастықшалардың жабысқақ бетінен пленканы алып тастаңыз.
	Жастықша су ма? Не болмаса тері тыс су ма? Теріде немесе жастықшаларда спрей, лосьон немесе крем бар ма?	Жастықшаны құрғатыңыз. Теріні құрғатыңыз.
	Жастықша гелінің зақымдалуы мүмкін.	Жастықшаны ауыстырыңыз.
	Терідегі түк тым көп пе?	Дұрыс жастықшаны жабыстыру үшін аймақты бірден қырыңыз.
	Жастықшалардың жабысқақ беті лас немесе құрғақ па?	Жастықшалардың жабысқақ бетін саусақтарыңыздың ұшымен жайлап шамамен 3 секунд бойына баяу ағып тұрған салқын су астында жуыңыз.

## АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Олай болатын болса...	Ықтимал себептері...	Мына шешімді қолданып көріңіз...
<b>Жастықша гелі теріге жабыспайды.</b>	Жастықшаларды терлеген кезде қолданып жатырсыз ба?	Жастықшаны ауыстыру орнын құрғатыңыз.
	Жастықшалар тым ұзақ және/немесе тым жиі жуылып жатыр ма?	Жастықшаларды бір түнге тоңазытқышқа (қатырмаңыз) қалдырыңыз.
	Жастықшалар жоғарғы температурада, жоғары ылғалдылықта немесе тікелей күн көзінде сақталған ба?	Екі жастықшаны да ауыстырыңыз.
<b>Жастықша жарығы жыпылықтап тұр.</b> 	Денеге екі жастықша тіркелген бе?	Алынып қалған жастықшаны (жастықшаларды) теріге мықтап қайта бекітіңіз.

Олай болатын болса...	Ықтимал себептері...	Мына шешімді қолданып көріңіз...
<b>Жастықша жарығы жыпылықтап тұр.</b> 	Жастықшалардан мөлдір пленканы алдыңыз ба?	Жастықшалардың жабысқақ бетінен пленканы алып тастаңыз.
	Сым негізгі құралға дұрыс жалғанған ба?	Сым ашасын негізгі құралдың төменгі жағындағы ұяға дұрыс жалғаңыз.
	Жастықшалардың жабысқақ беті лас немесе құрғақ па?	Жастықшалардың жабысқақ бетін саусақтарыңыздың ұшымен жайлап шамамен 3 секунд бойына баяу ағып тұрған салқын су астында жуыңыз.
Егер жоғарыдағы өлшемдер тиімді болмаса, байланыс ақпаратын веб-сайтымыздан ( <a href="http://www.omron-healthcare.com">www.omron-healthcare.com</a> ) қараңыз.		

## КЕПІЛДІК

OMRON өнімін сатып алғаныңызға рахмет. Бұл өнім жоғарғы сапалы материалдардан жасалған және оны өндірген кезде жақсы күтім көрсетілген. Бұл осы пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай дұрыс пайдаланылған және қолданылған жағдайда, ыңғайлылықтың жоғары деңгейін беру үшін жасалған.

OMRON компаниясы бұл өнімге сатып алған күннен бастап 3 жыл бойына кепілдеме береді. Осы өнімнің құрылымына, шерлілігіне және материалдарына OMRON компаниясы кепілдеме береді. Осы кепілдеме мерзімінде OMRON жұмыс немесе бөлшектер ақысын алмай, өнім зақымдалған немесе бөліктері бұзылған жағдайда жөндеп береді немесе ауыстырады.

**Кепілдеме тек Еуропа, Ресей мен басқа ТМД елдерін, Орталық Шығыс пен Африка елдерін қамтиды.**

Кепілдемелерді мыналарды қамтымайды:

- Тасымалдау шығындары мен тасымалдау тәуекелдері.
- Жөндеу шығындары және / немесе өкілетті емес тұлға жасаған жөндеу жұмыстары нәтижесінде туындаған зақымдар.
- Мерзімдік тексерулер мен жөндеу жұмыстары.

- Басқаша жағдайда жоғарыда кепілдеме берілмейінше негізгі құралдан басқа керек-жарақтардың немесе басқа тіркемелердің ақаулығы немесе тозуы.
- Арызды қабылдамауға байланысты туындаған шығындар (ақы төленетін болса).
- Байқаусызда немесе дұрыс пайдаланбау нәтижесінде туындаған зақымдар.

(Кепілдік) қызметі қажет болса, өнім сатып алынған дилерге немесе OMRON таратушысымен хабарласыңыз. Мекенжайды алу үшін өнімнің орамасын /әдебиетін қараңыз немесе арнайы сатушымен байланысыңыз. OMRON тұтынушыларды қолдау қызметтерін табу қиындықтары туындап жатса, байланыс мәліметтерін алу үшін веб-сайтымызға ([www.omron-healthcare.com](http://www.omron-healthcare.com)) өтіңіз.

Кепілдеме бойынша жөндеу немесе ауыстыру кепілдеме мерзімін ұзартуға немесе жаңартуға себеп болмайды. Тұтынушы толық өнімді түпнұсқа шотпен / чекпен сатушыға қайтаратын болса ғана кепілдеме беріледі. OMRON анық емес мәліметтер берілетін болса, кепілдеме қызметінен бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім санаты	Электронды ауруды басатын транскутантты стимуляторлар
Өнім сипаттамасы	Ауруды басатын құрал
Үлгі (коды)	PocketTens (HV-F013-E)
Қуат көзі	DC3V (екі AAA сілтілі батареялар немесе екі AAA марганецті батареялар)
Батареяның жұмыс істеу мерзімі	Жаңа батареялар (екі AAA сілтілі батареялар) шамамен 3 айға жетеді (күніне 15 минуттан, арқаның төменгі жағы режимінде, ең жоғарғы қарқындылықпен қолданылған кезде).
Жиілік	Шамамен 1–108 Гц
ПУЛЬС ұзақтығы	100 μsec
Ең жоғарғы шығыс кернеуі	32 В (500 Ом жүктеме барысында)
Қуатты басқару	10 қарқындылық деңгейі
МЭ жабдығының классификациясы	Ішкі қуат көзі бар
IP классификациясы	IP 22*
Пайдалану температурасы, ылғалдылығы, ауа қысымы	10°C–40°C, 30–80% СЫ, 700–1060 гПа

Сақтау/тасымалдау температурасы, ылғалдылық, ауа қысымы	-20°C–60°C, 10–95% СЫ, 700–1060 гПа
Салмағы	75 г (батареяларды қоса)
Шығыс өлшемі	Ені 75 мм × Биіктігі 70 мм × Қалыңдығы 22 мм
Мазмұны	Негізгі жабдық, электрод сымы, 2 ұзақ уақыт қызмет көрсететін жастықшалар, жастықша ұстағышы, 2 «AAA» батареясы (LR03), пайдалану нұсқаулығы

Осы OMRON өнімі Жапониядағы OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. компаниясының қатал сапа жүйесінің талаптарына сай шығарылған. Кемінде 5 жылдық қызмет көрсетеді деп күтіледі.





\* **IP22** IP классификациясы — IEC 60529 стандартына сәйкес қамтамасыз етілетін қорғаныс деңгейі. Бұл құрылғы саусақ сияқты диаметрі 12,5 мм болатын бөгде заттардан қорғалған. Бұл құрылғы қалыпты жұмыс кезінде ақауларды шақыруы мүмкін су тамшыларының кіруінен қорғалған.











**ЕСКЕРТПЕ:** Бұл техникалық сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

CE0197

UK  
CA  
0086

Үлгіге байланысты таңбалар сипаттамасын өнімнен, өнімнің сатылым бумасынан немесе нұсқаулықтан таба аласыз	
	Бұл өнімді медициналық импланттары бар адамдар қолдануға болмайды, мыс., кардиостимуляторлар, жасанды жүрек, өкпе немесе басқа да өмірге қолдау көрсететін электрондық жүйелер.
	Қолданылған бөлшек - BF түрі Электр тогының соғуына қарсы қорғаныс дәрежесі (кему тогы)
IP22	IEC 60529 стандартымен қамтамасыз етілген ластанудан қорғаныс деңгейі
	Еуразиялық сәйкестік таңбасы
	Пайдаланушы пайдалану нұсқауларын қарауы керек
CE	CE белгісі

	Температура шектеуі		
	Ылғалдылық шектеуі		
	Атмосфералық қысым шектеуі		
	Өндірілген күні		
	Медициналық құрылғы		
	EAC MED таңбасы		Сериялық нөмір
	UKCA белгісі		Құрылғының бірегей идентификаторы
	Жарамдылық мерзімі		

KZ

## ЭЛЕКТРОМАГНИТТІК ҮЙЛЕСІМДІЛІККЕ (ЭМУ) ҚАТЫСТЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. компаниясы шығарған PocketTens коды EN60601-1-2:2015 электромагниттік үйлесімділік (ЭМУ) стандартына сәйкес. Осы ЭМУ стандартына қатысты қосымша құжаттама осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген OMRON HEALTHCARE EUROPE компаниясының мекенжайында немесе [www.omron-healthcare.com](http://www.omron-healthcare.com) веб-сайтында қолжетімді. Веб-сайттағы PocketTens кодына арналған ЭМУ ақпаратын қараңыз.



***Бұл өнімді дұрыс тастау  
(Қалдық электрлік және электрондық жабдық)***

Өнімде немесе оның әдебиетінде көрсетілген бұл таңба қызмет көрсету мерзімі соңында оны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтынын білдіреді. Қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына бақылаусыз тасталған қалдықтар кесірінен зақым келтірудің алдын алу үшін, бұл өнімді басқа қалдық түрлерінен айырып, ресурстарды рационалды қайта пайдалануды игеру жауапкершілігімен қайта өңдеңіз.

Тұрмыстық жағдайда пайдаланушылар бұл құралды қоршаған ортаға қауіпсіз жолмен қайтаруға болатын орын мен оның әдісі туралы толық деректерді алу үшін осы өнім сатып алынған сатып алушымен немесе байланысу керек.

Іскери пайдаланушылар жеткізушісімен байланысу және сатып алу туралы контактiнiң шарттары мен талаптарын тексеру керек. Бұл өнімді тастау үшін басқа коммерциялық қалдықтармен араластырмау керек.



<b>Өндіруші</b> 		<b>OMRON HEALTHCARE Co., Ltd.</b> 53, Kunotsubo, Terado-cho, Muko, KYOTO, 617-0002 ЖАПОНИЯ
<b>ЕО-дағы өкілдігі</b> <b>EC REP</b>		<b>OMRON HEALTHCARE EUROPE B.V.</b> Scorpius 33, 2132 LR Hoofddorp, НИДЕРЛАНДЫ www.omron-healthcare.com
<b>ЕО елдеріне импорттаушы</b>		
<b>Өндірістік бөлімшесі</b>		<b>OMRON DALIAN Co., Ltd.</b> No. 3, Song Jiang Road, Economic and Technical Development Zone, Dalian 116600, Қытай
<b>Филиалдары</b>	<b>Құрама Корольдіктегі импорттаушы және Құрама Корольдіктегі жауапты тұлға</b>	<b>OMRON HEALTHCARE UK LTD.</b> Opal Drive, Fox Milne, Milton Keynes, MK15 0DG, UK www.omron-healthcare.com/distributors
		<b>OMRON MEDIZINTECHNIK HANDELSGESELLSCHAFT mbH</b> www.omron-healthcare.com/distributors
		<b>OMRON SANTÉ FRANCE SAS</b> www.omron-healthcare.com/distributors

Қытайда жасалған

IM-HV-F013-E-KZ-03-07/2022

Шығарылған күні: 2022-08-30